

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА МЕДИАРЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Нағима Жансая ИЛЬЯСОВА*

Аңдатпа: Қазіргі білім беру жүйесінде медиаресурстарды пайдалану – оқытудың жаңа форматтарын дамытуға және білім алушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін маңызды әдістердің бірі. Медиабілім – бұл оқушылардың ақпараттық кеңістікте дұрыс бағыт алуы, сыни ойлау қабілетін дамыту және цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылар жиынтығы. Қазақ тілін оқыту барысында медиаресурстарды қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіруге, олардың сөздік қорын байытуға және тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Оқытудың қазіргі жаңа технологияларын меңгеру және оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктеріне сай келтіріп, сабақ үрдісіне ендіру мол ізденушілікті талап етеді. Әрине, ұстаз әрбір сабағын мазмұнды құрып, жаңа технологиямен сабақ беріп отырса, оқушылардың терең әрі тиімді білім алуына жол ашылады.

Электрондық оқыту құралдарына оқытуды ұйымдастыру және жүргізу үшін арналған бағдарламалық өнімдерді жатқызамыз. Электрондық оқыту жағдайында әр түрлі оқыту формалары мен әдістерін, мазмұнын қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау үшін оқыту құралдарын салыстыру және оларды бағалаудың негізгі бағыттарын ескеру қажет. Яғни, жасау және қолдану технологиясы, ұсынылатын аспаптар жиынтығы, ұсынылатын қызметтің іске асырылу деңгейі.

Нақты бағдарламалық өнімді жасау мен қолдану технологиясы жеке дара және топтық оқыту сияқты әр түрлі әдістерді қолдана отырып, оқытуды іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар — электрондық оқулықтар. Жаңа технологиямен оқыту жүйесі — сабақта барлық білім алушының белсенді қатысуымен ұйымдастырылатын оқу үдерісінің бірі. Бұл ретте оқытушы мен тіл үйренушінің коммуникативтік қатынасқа негізделген қарым-қатынасының өзгермей сақталуы талап етіледі. Қазақ тілін оқытуда жаңаша оқыту технологиясын қолдану арқылы қоршаған ортада болып жататын әр түрлі жағдаяттар тарапынан алғаннан соң, тілдік жағдаят жаттығуларына айналдыра білу керек. Жалпы, жаңаша технологияның түрлері өте көп. Мұның үстіне компьютерлік-ақпараттық технологиямен жасалатын жұмыс жүйелерін алатын болсақ, бұл технологияның сапалы білім беруде, танымдық қызығушылығын арттыруда алатын үлкен орны байқалады.

Қазақ тілін мектепте, жоғары оқу орнында, мемлекеттік қызметкерлерді оқыту курстарында оқыту жүйесі, жекелеген сабақ, бір карағанда, күнделікті өтіп жататын жағдай сияқты. Бірақ тұтас оқыту жүйесі сияқты, бір сабақты өткізу барысында танымдық үдерістің небір күрделі түрлері өтіліп, адамның рухани әлемі қалыптасып жатады. Сонысымен де оқу үрдісінің танымдық үдеріс ретіндегі сыртқа қарапайым, ал ішкі мазмұны адам қалыптастыратын мүмкіншілігі айқындала түседі. Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен еркін сөйлеу тілін дамытуды маңызды орын алады.

Сондықтан да қазіргі ұрпақты білім нәрімен сусындатуда медиаресурстардың алатын орны ерекше. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытуға көмектеседі.

Бұл мақалада қазақ тілін оқытуда медиаресурстарды тиімді пайдалану әдістері мен олардың оқыту процесіне тигізетін әсері қарастырылады.

Кілт сөздер: *медиа білім, коммуникация, цифрлық білім беру, ақпараттық-коммуникациялық құралдар, медиакөңістік, мультимедиялық оқыту.*

Methodology for the Use of Media Resources in Teaching the Kazakh Language

Abstract: In the current system of education, the use of media resources is one of the most important ways to develop new teaching formats and increase the interest of students. Media knowledge is a set of knowledge and skills that students need to get the right direction in the information space, develop critical thinking and make effective use of digital resources. The use of media resources in the teaching of the Kazakh language contributes to improving the language skills of pupils, enriching their vocabulary and developing the skills of listening, speaking, subscription, reading. It requires a lot of research to master the latest teaching technologies and to fit the psychological age characteristics of students into the course.

We include software products for organizing and conducting training in e-learning tools. In the conditions of e-learning, it is necessary to take into account the basic directions of comparison and evaluation of educational instruments in order to determine the possibilities of formation of different forms and conditions of education, content. That is, the technology of creation and application, the recommended set of instruments, the level of implementation of the proposed service.

* Öğr. Gör. Dr., Necmettin Erbakan Üniversitesi, AMYO, Adalet Bölümü, ayumutlu@erbakan.edu.tr, ORCID: 0000-0001-9500-5338

The technology of creating and applying specific software products allows to implement training using a variety of techniques, such as individual and group training. They are also e-textbooks. The system of training with new technologies is one of the learning processes, which is organized with the active participation of all students in the classroom. At the same time, communication-based communication between the teacher and the language learner is required to remain unchanged. It is necessary to use the new technology of teaching the Kazakh language, which is to be translated into language-state exercises after receiving it from different conditions in the environment. In general, there are a lot of new technologies. In addition, there is a great place in the development of high-quality education and cognitive interest in computer-information technologies.

The system of teaching the Kazakh language in school, higher education institutions, training courses of civil servants, individual classes, at first glance, seems to be a daily situation. But like the whole system of teaching, some complex types of cognitive processes are passed through the course of one lesson, and the spiritual identity of the person is formed. In this way, the possibility of learning as a cognitive process is simple, and the internal content of which is formed by a person. In the course of the kazakh language training, it is important to develop the Kazakh language and the language of free speech.

Of course, every lesson will be created by the teacher, the teacher will teach with new technologies, and the students will have a deep and thorough education. Therefore, the media resources have a special place in educating the current generation. Mastering new technologies will have a positive impact on the formation of the teacher's intellectual, spiritual, civil and other human attributes, and will aid in self-development. This article considers methods of effective use of media resources in teaching the Kazakh language and their impact on the teaching process.

Key Words: *media education, communication, digital education, information and communication tools, media space, multimedia training.*

Кіріспе

Медианы сабақ барысында да, сабақтан тыс уақытта да қолдана алады. Сабақ барысында қысқа метражды фильмдер мен теледидар роликтерін, жазбаша мақалалар мен блог жазбаларын, әндер мен музыкалық бейнелерді, әсіресе сөздері бар болса, сабақ барысында пайдаланған тіптен жақсы. Медиа ресурстарды қолдану шетел тілін үйреніп жатқан білім алушылардың білімін шыңдауға, әрі олардың құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізетін ақпарат құралдарының бірі екенін келесі зерттеу нысандарына қарап, тағы да көз жеткізуімізге болады. Медиа ресурстарды, соның ішіндегі интернетті сабақ барысында қолдану өте тиімді, әрі тез. Сабақ барысында сабақтың тақырыбына, мазмұнына байланысты оқушылармен неше түрлі онлайн және офлайн ойындарын ойнауымызға болады. Жалпы сабақ барысында - «learning.apps», «Kahoot» «Activinspire» «Dojo class» және де т.б. ойын түрлерін қолданамыз. Осы ойын түрлерін онлайн түрде бүкіл сыныптағы оқушылар жеке-жеке қатысуы үшін, мұғалім әр оқушыға логин ашып, логинмен бірге паролінде береді. Бұл ойынды ойнар кезде барлық электронды құрылғыларды қолдануға болады.

Медиа - жаңа сандық және медианың электронды формаларының (онлайн жаңалықтар, блогтар, Уикипедия, YouTube, әлеуметтік желілер, видео ойындар және т.б.) даму үдерісі және бұл жаңа пішіндер пікір білдіру еркіндігінің, тиімді басқару және демократиялық үдерістерге қатысуды дамытуға ықпал ете отырып, ақпарат пен білімге кең жол ашу [4; 121]. Жалпы білім беретін мектепте медиа ресурстарды: ақпаратты арнайы нысанда алу және өңдеу құралы ретінде, оқу процесінде көмекші ретінде, қарым қатынас құралы ретінде пайдалануымыз қажет. 3 «а» және 2 «а» сыныптарын бір-бірімен салыстыру арқылы сабақ жүргізсек, 2 «ә» сыныбында жеке сол сыныптың өзін алып зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Сабақ барысында сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға тырыстық. Әр сабақты әртүрлі қылып өткізуге тырыстық. Сабақтың алғашқы күнінен интерактивті тақта көмегімен миға шабуыл, сергіту сәттерін, ойлайн және офлайн ойын түрлерін, видео және аудио, сұрақ жауап түрлерін, музыка және т.б. қолдандық. Сабақтың алғашқы күнінен «all about me» бөліміне байланысты интернетті қолданып, «YouTube» желісінен күнделікті қолданатын сөздерді және әрекеттерді көрсетіп бірге қайталадық, келесі сабақтарында бөлім біткенше, пішіндерге және түстерге байланысты видеолар көрсеттік.

Мұндағы көрсеткеніміздегі тиімділігі оқушылар осы пішіндер мен түстерге және отыр, тұр, кітапты аш, кітапты жап сынды сөздерді шетелдіктер қалай айтады және олар осы сөздерді ағылшын тілінде айтқан кездергі қалай айтылатындағы, яғни, қалай дауысталатындығы жайлы олардың сол ағылшындықтардың өз ауыздарына есітіп, өздерінің айтқандағы қателіктерін жөндеуге тырысты. Осы бірінші бөлімді өтіп жатқан кезде олармен «fl» және «bl» әріптердің қалай дауысталатыны жайлы да білді. Келесі сабақ сайын үй жұмысын сұрар кезде неше түрлі тәсілдермен сұрауға тырыстық. Бірінші күні сұрақ-жауап түрінде болса, келесі күндері «crocodile», «hot chair», «potato» және жоғарыда айтып өткен «Dojo class» ойыны - үй тапсырмасын сұрағанға таптырмайтын ойындардың бірі. Тек қана бұл ойындармен ғана шектелмей, сабақ және үй жұмысын сұрауда түрлі көрнекіліктерді қолдансақ өте қызық өтеді. Жаңа сөздерді сұрау үшін ауызша және бір ойындарды құрастырсақ болады. Мысалы: ағылшын тіліндегі әріптерді алып келіп, оқушыларды топқа бөліп оларға әріптерді оларға ұстатып қазақ сынып болғандықтан қазақша сөз айтып, оның ағылшыншаға аудартып, сол сөздің ағылшын тілінде қалай жазылу керектігі жайлы әріптермен сөз құру керектіктері жайлы тапсырма беруіміз қажет. Сонда олар жиынтық бақылауға да, кері байланыс алғанда да ешқандай кедергісіз дұрыс жауап жазуларына көмегімізді тигіземіз. Сұрағымыз келген сөздердің суреттерін көрсету арқылы да олардан ағылшынша атауын сұрауымызға болады. Жалпы айта беретін болсақ тәсілдер көп, бірақ біз ол тәсілдердің сол сынып оқушыларына тиімділігін анықтап алуымыз қажет. Және ол тәсілдер біздің бастауыш сынып оқушыларына сәйкес келе ме, оны да білгеніміз абзал?!

Медиаресурстардың маңызы

Медиаресурстар – оқу процесін көрнекі, интерактивті және қызықты етіп ұйымдастыруға мүмкіндік беретін құралдар жиынтығы. Оларға:

- Видеосабактар (YouTube, Daryn.online, Khan Academy)
- Аудиоматериалдар (подкасттар, аудиокітаптар, жаңалықтар)
- Интерактивті платформалар (Quizizz, Kahoot, LearningApps)
- Электронды оқулықтар мен мультимедиялық презентациялар
- Әлеуметтік желілер мен блогтар

Бұл ресурстар қазақ тілін үйренушілерге тілдік ортаны қалыптастыруға, жаңа ақпаратты жеңіл қабылдауға және оны күнделікті өмірде қолдануға көмектеседі.

Қазақ тілін оқытуда медиаресурстарды қолдану әдістемесі

1. Тыңдалым дағдыларын дамыту

Медиаресурстар арқылы оқушылардың тыңдау қабілетін жақсартуға болады. Ол үшін:

- Аудиожазбалар мен подкасттар пайдаланылады (мысалы, Қазақ радиосының бағдарламалары, TEDx Talks).
- Оқушыларға бейнежазбалар тыңдатып, негізгі ойды түсіну тапсырмалары беріледі.
- Сұхбаттар мен әңгімелерді тыңдап, олар бойынша сұрақтарға жауап беру ұсынылады.

2. Айтылым дағдыларын жетілдіру

Қазақ тілін оқытуда медиаресурстарды дұрыс пайдалану арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға болады. Ол үшін:

- Видеоматериалдардан кейін оқушыларға қысқаша мазмұндама жасату.
- TikTok, Instagram Reels секілді қысқа видео форматтарын пайдаланып, оқушыларға қазақ тілінде шағын видео түсіру тапсырмаларын беру.
- Телебағдарламалардан үзінді көрсетіп, оқушылардың пікір білдіруін сұрау.

3. Оқылым дағдыларын дамыту

- Электронды оқулықтар мен жаңалық сайттарынан мақалалар оқыту.
- Оқушыларға мәтін бойынша тесттер мен тапсырмалар беру (Google Forms арқылы).
- Оқушыларға блог жазуды үйрету және олардың посттарын сыныпта талқылау.

4. Жазылым дағдыларын қалыптастыру

- Оқушылардан видеосабактар мен подкасттар негізінде эссе немесе қысқа әңгіме жазуын сұрау.

- Интерактивті тапсырмалар (LearningApps, Padlet) арқылы жазу дағдыларын дамыту.

- Оқушыларға өз блогтарын жүргізуге мүмкіндік беру.

Медиаресурстарды қолданудың тиімді әдістері

1. Геймификация (ойын арқылы оқыту) – Kahoot, Quizizz платформалары арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.

2. Жобалық оқыту – оқушыларға медиаресурстарды пайдалана отырып, шағын деректі фильмдер, презентациялар жасауға тапсырма беру.

3. Флипид классрум (төңкерілген сынып) – оқушыларға алдын ала видеосабактар мен мақалаларды үйде қарауға тапсырма беру, ал сабақта талқылау жүргізу.

4. Визуалды оқыту – инфографикалар, слайд-презентациялар арқылы ақпаратты ұсыну.

Қорытынды

Қазақ тілін оқытуда медиаресурстарды қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуға көмектеседі. Дұрыс тандалған әдістер арқылы медиаресурстарды тиімді пайдалану оқушылардың коммуникативтік қабілетін жақсартып, қазақ тілін меңгеруді жеңілдетеді.

Болашақта қазақ тілі сабақтарында цифрлық технологиялар мен медиаресурстарды кеңінен пайдалану – білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

Медианың қазақ тілін үйренуге әсерін талдау бізге тілдік оқытудың мәдени аспектілерін түсінуге және осы саладағы заманауи үрдістерді анықтауға көмектеседі. Зерттеу сонымен қатар медиа және білім беру теорияларын қолдану аясын кеңейтеді, медиа-ресурстарды пайдалануға бағытталған тілдік оқытудың жаңа трендтерін қалыптастыруға үлес қосады. Сайып келгенде, біздің зерттеуіміздің нәтижелері қазақ тілін үйрену процесінде медианы тиімді пайдалану үшін теориялық негізделген және іс жүзінде маңызды ұсыныстарды қорытындылайды.

Бүгінгі таңда қазақ мектептерінің өзекті мәселелерінің бірі — оқушылардың тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу. Қазіргі заманымызда қойылған басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу. Оқушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Осы мәселелерді назардан тыс қалдырмай, кәсіби-бағдар бере отырып оқыту — тіл үйренушінің мектепте алған білімін тереңдетіп, өзі таңдаған мамандыққа сай лексиканы меңгеруіне, өз көзқарасын танытуға, бейнелі, астарлы қазақ тілінің байлығын меңгеруіне жол ашады. Тіл үйренушінің ой-пікірін белгілі бір тақырып бойынша жүйелі түрде өз мамандығына негіздеуге жұмыстар жүргізіледі. Осы арада жоғарыда айтып өткен жаңа технологияның түрлері кеңінен қолданылады, яғни оқытушының шеберлігі

аса қажет етіледі. Оқытушы таңдаған технологияны түрлендіріп, аса шеберлік көрсетсе, соғұрлым сабақ мақсатына жетеді деп ойлаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, оқытушыға білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Кез келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің қарқындылығы мен белсенділігін арттырады. Тіл үйренушінің оқуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын жойып алмау мақсатында, алдымен ұғымға сәйкес түсінікті болуын ескеру қажет, берілетін тапсырманың тәрбиелік мәніне көңіл бөлініп, сезімді, қызығушылықты оятатындай құрылуы керектігі ескерілуі қажет.

Қоғам өмірінің айнасы болып табылатын БАҚ ондағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы барлық қордаланған проблемаларды жұртшылық назарына ұсынатын да, қандай да бір ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке таныстырып жеткізетін де әмбебап құрал болып саналады. Қазіргі уақытта медианың күнделікті өмірге әсері кең тарала бастаған кезде, заманауи медиа ресурстарын пайдалану қазақ тілін үйрену барысында маңызды құралға айналууда.

Қазақ тілін үйренуге арналған ең танымал медиа-көздер: әлеуметтік желілер (71,9%), подкасттер (56,3%) және онлайн-журналдар мен жаңалықтар порталдары (31,3%) болып табылады. Бұл дереккөздер тілді меңгерудің әртүрлі деңгейлері мен тіл үйренушілердің қызығушылықтарына бейімделетін мазмұнның кең ауқымын ұсынады. Сауалнама сонымен қатар кейбір адамдар теледидар (18,8%) мен радио (6,3%) сияқты дәстүрлі медиа көздерін пайдалануды таңдайтынын көрсетті. Жалпы, сауалнама нәтижелері медиа кеңестік қазақ тілін үйренудің тиімді құралы екенін көрсетеді. Респонденттердің көпшілігі (53,1%) қазақ тілін үйрену үшін жаңа медиа-ресурстарды пайдалануға мүдделі екендігін көрсетеді. Нақты бағдарламалар мен подкасттарға қатысты респонденттердің 43% - ы "Тамаша жыл" - The Big Year, "Біртүрлі қыздар", Nowtostudy, Eкі кесе / "Қазақша подкаст", qazaqgrammar және т.б. атап өтті.

Осылайша, осы әртүрлі медиа нысандары мен оқыту әдістерінің тиімді өзара іс-қимылы қазақ тілін үйренуге кешенді және серпінді көзқарасқа ықпал етеді. Бұл білім беру процесін тиімді ғана емес, сонымен қатар тілдік даярлықтың әртүрлі деңгейлеріндегі студенттерді ынталандырады. Медиа мен қазақ тілін оқытудың табысты өзара іс-қимылының маңызды құрамдас бөлігі тілдік білімге инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. Жасанды интеллектіні пайдалану, бейімделген білім беру платформалары және жекелендірілген оқыту бағдарламалары сияқты заманауи әдістер білім беру тәжірибесін жекелендіруді айтарлықтай жақсарта алады.

Қорытындылай келе, бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ тіліне әсері оң және теріс салдары бар күрделі мәселе болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары қазақ тілін насихаттау мен сақтауда шешуші рөл атқарғаны сөзсіз, шет тілдерінің үстемдігі мен жаһандық мәдени нормаларды қабылдау қиындықтар туғызады.

Мүдделі тараптар, соның ішінде медиа ұйымдар, білім беру мекемелері және үкімет үшін қазақ тілінің тарихи және мәдени маңыздылығын сақтай отырып, оның өсуі мен дамуына мүмкіндік беретін тепе-теңдікті сақтау үшін бірлесіп жұмыс істеу өте маңызды. Осындай ынтымақтастықтың арқасында ғана бұқаралық ақпарат құралдары болашақ ұрпақ үшін оның тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, қазақ тіліне оң әсерін тигізе алады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Байболат Л.Б. Мультимедианың қазақ тілін оқытудағы тиімділігі. 2021. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университетінің Хабаршысы, (1 (50)):122-127.
2. Ерменбаева Л. Қазақ тілін online технологиялар арқылы оқыту өзектілігі. Алматы, ҚМЭБИ, 2012.

3. Жақсылықова К.Б. Ақпараттық технологияны кәсіби қазақ тілін оқытуда тиімді қолдану мүмкіндіктері жайында. Алматы, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық университеті. [Электрондық ресурс.] Алынған дереккөзі <https://dspace.enu.kz/jspui/bitstream/data/4428/1/akparattyk-technologiyany-kasibi-kazakh-tilin-okytuda-tiimdi-koldanu.pdf>
 4. Serikbayeva, S. (2018). Influence of popular Kazakh music on students' motivation to learn Kazakh language. Astana, NU. Retrieved from <http://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/3673>
 5. Kashkinbayeva, A.T. (2019). Evaluation the Role of Media and Language Policy in the Stabilization of Interethnic Relations at the Present Stage: The Example of a Multinational Kazakhstan. *Journal of Advanced Research in Law and Economics*, Volume X, Summer, 3(41): 778-786.
 6. Алкебаева Д.А., Саткенова Ж.Б., Қоңырбекова Т.О. (2021). Әлеуметтік желілердегі қазақ тіліндегі өзгерістер. Алматы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. [Электрондық ресурс.] Алынған дереккөзі <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/3346>
 7. Absattar, A., Mambetova, M. & Zhubay, O. (2022). The potential of emotive language to influence the understanding of textual information in media coverage. *Humanit Soc Sci Commun* 9, 222. Retrieved from <https://doi.org/10.1057/s41599-022-01232-2>
 8. Айтбаев Ө.А., Момынова Б.К., Ерназарова З.Ш. (2019) Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы. Алматы, 2019. [Электрондық ресурс.] Алынған дереккөзі <https://malimetter.kz/kazirgi-kazak-media-matininin-pragmatikasy>
 9. Иманқұлов М., Усупбаева А., Текімбаева А., Данилова Н., Штурхетский С. Кожобекова Б. Медиа ақпараттық сауаттылық. 3000. ISBN 978-9967-11-656-6
 10. Құрман Ж.Н. Қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері. — Алматы, 2009. — 28-б.
 11. Әбдікәрімов Б., Сарбасова Қ.А. Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда педагогикалық технологияларды пайдалану // Еуразиялық гуманитарлық институттың хабаршысы. — 2004. — № 3. — 36-б.
- Даумов Н.Ғ. Оқытудың ақпараттандыру процесінде оқушылардың зерттеу қызметін дамыту: Пед. ғыл.канд. ...дис. —Алматы, 2003. 12-б.